

T. K. АХМЕДЖАНОВ, М. М. ӘБДІБАТТАЕВА, Ж. О. ЖҰБАНДЫҚОВА

## ГЕЛИОҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТІК ЖӘНЕ ПЕРПЕНДИКУЛЯР ЖАРЫҚ МӨЛДІРЛЕТКІШ БЕТІНЕ ТҮСЕТІН ТУРА КҮН РАДИАЦИЯСЫНЫҢ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ

Күн радиациясының қайта түзілу жүйесін жобалаганда және көбінесе гелиоқондырғының жарық мөлдір бетінің жылу шығыны мен жылулық режимін есептегендеге, әсіресе, жиектің салыстырмалы жақтарына түрлі бағытталған тік бетіне түсетін күн энергиясының мөлшерін дұрыс есепке алу маңызды.

Осы уақытқа дейін түрлі бағыттағы тік бетіне келетін күн радиациясы туралы мәліметтер нормативті құжаттарда жоқ. Жылу техникалық есептеулерде, әсіресе, күн энергиясы коллекторын жобалаганда тік бетіне түсетін тұра және шашыранды күн энергиясы жеткілікті толық бағаланбаған [1].

Сондықтан да түрлі бағыттағы тік бетіне түсетін тұра және шашыранды күн энергиясының қарқындылығын есептеу іс жүзінде зор қызығушылық билдіреді.

Күн сәулесінің жер атмосферасы арқылы өткенде келесі жағдайлардың есебінен қарқындылығы төмендейді:

- Құргақ ауа молекуласымен сінірілуі және шашырауы (релейлік шашырау);
- Шаңмен сінірілу және шашырау;
- Су буымен, көміртегі тотығымен және көмір қышқыл газымен селективті сінірілуі;
- Бұлт қабаттарымен шағылысыу және сәулеленіу.

Жер бетіндегі жазық параллельді атмосфера моделіндегі тұра күн энергиясы кернеулігі [2, 3] келесі қатынаспен өрнектеледі:

$$S_{\lambda}(h, m) = S_{o,\lambda} e^{-m[\tau_h^{\infty}(\lambda) + \alpha_{\lambda}x]} T\left(\bar{q}_{H_2O} \sqrt{m}\right) T\left(\bar{q}_{CO_2} \sqrt{m}\right), \quad (1)$$

мұндағы  $m$  – атмосфера массасы;  $h$  – теңіз деңгейінен жер биіктігі;  $a$  – озонның сініру коэффициенті;  $x$  – атмосферадағы озонаның жалпы мөлшері (см);  $\tau_h^{\infty}(\lambda)$  –  $h$  деңгейінен жоғарғы шекараға дейінгі атмосфераның оптикалық қалындығы;  $S_{o,\lambda}$  – берілген спектральды интервалдағы атмосферадан тыс тұра күн энергиясының қарқындылығы;

$$T\left(\bar{q}_{H_2O} \sqrt{m}\right) T\left(\bar{q}_{CO_2} \sqrt{m}\right) – сәйкесінше су буы мен көмір қышқыл газын өткізу қызметі.$$

Тұра күн энергиясының интегралды ағыны келесі

катынаспен беріледі:

$$S(h, m) = \int_0^{\infty} S_{o,\lambda} e^{-m[\tau_h^{\infty}(\lambda) + \alpha_{\lambda}x]} T\left(\bar{q}_{H_2O} \sqrt{m}\right) \Theta T\left(\bar{q}_{CO_2} \sqrt{m}\right) \cdot d\lambda + f(m) \cdot \frac{S(h, m)}{S_{\text{ид}}(h, m)}, \quad (2)$$

бұнда  $f(m)$  – В. Г. Кастрев бойынша нақты таза және құрғақ атмосфера дағы перманентті газдармен сінірілуін ескеретін түзету [4].

(1) және (2) қатынастан көрініп тұрғандай, тұра күн энергиясы ағыны ауалық масса ( $m$ ) мен атмосфераның сініретін компонентінің мөлшеріне тәуелді, оның шамасы келесі қатынаспен күннің зенитті бұрышымен з байланысты

$$m = sec z. \quad (3)$$

Келтірілген формулалар бойынша толық есеп тек сінірудің катаң анықталған қызметі жағдайында және белгілі сініретін компонент мөлшерінде орындалуы мүмкін.

Себебі атаптас фактологияның нақты жағдайда өте кең ауқымда өзгереді, есептеулер әдетте кейбір аз немесе көп негізделген атмосфера моделі үшін жүргізіледі.

Ұқсас есептеулер, әрине, шектеулі мәнге ие және түрлі ендікке және сініру қызметі мен сініргіш компоненттің таралуының құрт айқындалған ерекшеліктері басым климаттық аймақтарға түсетін күн энергиясының массалық есебі үшін қолданылмайды.

Тік түрлі бағытталған гелиоқұралғының бетіне түсетін тұра күн энергиясын есептегендеге перпендикуляр бетке түсетін тұра күн энергиясының кернеулігінің эксперименттік анықталған мәні бойынша тұра күн энергиясын есептеу әдістемесі қолданылады [2, 3]. Бұл мәліметтер берілген жердің орташа радиациялық жағдайын, яғни жергілікті жердің ендігі мен жыл уақыты жағдайында сініретін компоненттің орташа таралуын ескереді.

Тік бетке түсетін тұра күн энергиясының есебі келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$S_{\theta} = S \perp \cos \theta, \quad (4)$$

мұндағы,  $S_{\theta}$ ,  $S^{\perp}$  – тік және перпендикуляр бетке түсетін тұра күн энергиясының кернеулігі;  $\cos \theta$

– берілген нүктеде қалыпты беті мен күн сәулесі бағыты арасындағы бұрыш.

$\cos q$  шамасы сфералық тригонометрия формуласымен сәйкес әрбір бағыттағы жарық мөлдір беті үшін жеке анықталады:

$$\cos q_o = \cos d \sin j \cos g - \sin d \cos j; \quad (5)$$

$$\cos q_c = \sin d \cos j - \cos d \sin j \cos g; \quad (6)$$

$$\cos q_{b,ш} = \cos d \sin g; \quad (7)$$

$$\cos q_{ob,osh} = 0,707 (\cos d \sin j \cos g - \sin d \cos j + \cos d \sin g); \quad (8)$$

$$\cos q_{cb,chw} = 0,707 (\cos d \sin g + \sin d \cos j + \cos d \sin j \cos g); \quad (9)$$

мұндағы  $j$  – жергілікті жер ендігі;  $d$  – күннің еңісі;  $g$  – нақты түстен кейінгі уақыттан есептелетін берілген уақыттағы күннің сағаттық бұрышы.

С, СШ, О индекстері және т.б. сәйкесінше солтүстік, солтүстік шығыс және онтүстік бағытты білдіреді.  $S^A$  шамасы актинометриялық орталықтың нақты бақылау мәліметтері бойынша анықталады.

Ертеректе қолданылатын  $S$  анықтау үшін есептік формулалар, соның ішінде ең кең таралған Кастров-Савинов формуласы келесідей түрде өрнектеледі:

$$S^A = S_0 \sin h_a / \sin h_s + C, \quad (10)$$

мұндағы  $h_a$  – берілген уақыттағы күн биіктігі;  $S_0$  – атмосфера шекарасындағы күн тұрақтылығы;  $C$  – эмпирикалық коэффициент (атмосфера мөлдірлігін сипаттайтын), тек атмосфераның қалыпты және жоғары мөлдірлігінде жақсы нәтижелер береді.

Осы аралықта белгілісі, атмосфера мөлдірлігі көптеген факторларға, соның ішінде шамасы жыл ағымында және тіпті тәуілкте күрт өзгеретін ауаның ылғал мөлшеріне байланысты өзгереді.

Осыған байланысты С. И. Сивков [7] қандай да бір тұрақтылық бойынша радиацияны анықтау барлық жыл ағымында мөлдірлік коэффициент шамасына үлкен категікпен келуі керек деп есептейді. Бұдан басқа атмосфера мөлдірлігі ендік бойынша айтартылтай өзгереді (1-кесте). 1-кестеде С коэффициенті шамасы формула бойынша есептелген, онда  $S^A$  шамасы нақты бақылау мәліметіне сәйкес келеді.

1-кесте. 1,98 кал/см<sup>2</sup>мин тең күн тұрақтылығындағы С коэффициентінің мәні

Географиялық Жиек үстіндегі күннің түрү биіктігі ендік, ° с.е. 10° 20° 30° 40° 50°

40	0,367	0,383	0,382	0,394	0,407
46	0,351	0,383	0,382	0,413	0,415
50	0,290	0,383	0,373	0,391	0,401

С орташаданған шамасы бойынша есептеу көбінесе Л. Л. Дашибевичпен жасалынғандай, С коэффициентін таратудағы ерекшелікпен байланысты қатені анықтауды нәтижеге енгізді. Бұдан басқа соңғы жылдар мәліметтеріне сәйкес метеорологиялық күн тұрақтылық  $S_0$  шамасы да біршама өзгерген. Қабылдау бетіндегі күн радиациясы қарқындылығы күннің түрү биіктігі мен күн сәулесінің түсү бұрышына, атмосфераның мөлдірлігіне, ауа ылғалдылығына мөлдір қозғалыстың тазалығына тәуелді кең аумақта өзгереді.

Бұл кезде, егер ол тұтас емес сирек болса қондырғы көлеңкеленеді де, оған тек шашыранды күн радиациясы түседі. Ал сәулеленген жағдайда күн радиациясының барлық түрі түседі. Осындағы кезеңдік әлсіз түсетін күн радиациясын біртекті, бірақ бұлттылыққа пропорционалды азайған түрінде қарастыруға болады. Қондыргының сәуле қабылдайтын бетіне түсетін және сінірліген радиацияның жалпы мөлшері  $dt$  уақытында келесі формуламен анықталады:

$$\begin{aligned} & \frac{10-n}{10} E_1 \varepsilon_1 d\tau + \frac{10-n}{10} E_2 \varepsilon_1 d\tau + \\ & + E_3 \varepsilon_1' d\tau + \frac{10-n}{10} E_4 \varepsilon_1 d\tau + \\ & + \frac{n}{10} E_4' \varepsilon_1 d\tau + E_4 \varepsilon_1'' d\tau_0 = \\ & = E_0 (\varphi, \delta, \eta_{omp}, \varepsilon, U, T_0) d\tau, \end{aligned}$$

мұндағы  $n$  – баллмен бағаланатын бұлттылық,  $\varepsilon_1, \varepsilon_1', \varepsilon_1''$  – қондырғының қабылдайтын бетінің интегралды сініру коэффициенті ( $\varepsilon_1$  – күндік,  $\varepsilon_1'$  – жер,  $\varepsilon_1''$  – атмосфералық радиация);  $U$  – су буының серпімділігі;  $\varphi$  – ауа ылғалдылығы;  $\eta_{ua}$  – жер бетінің шағылысы коэффициенті;  $E_1$  – тұра күн радиациясының қарқындылығы;  $E_2$  – жер бетінен шағылысқан тұра күн радиациясының қарқындылығы,  $E_3$  – жер бетінің бірлік өзіндік сәулесі;  $E_4$  – шашыранды радиация;  $E_4'$  – бұлтты аспанның шашыранды күн радиациясы;  $E_5$  – жер бетіне бағытталған инте-грайлды атмосфералық

сәуле,  $Q_0$  – “күн тұрақтылығы”.

Жер сәулесін жеткілікті қара деп санап, келесі формуламен есептеуге болады:

$$E_3 = C_\gamma T_0^4, \text{ ккал/м}, \quad (12)$$

мұндағы  $T_0$  – қоршаған ауа температурасы.

Егер күн биіктігінен басқа оның басқа факторлардан тәуелділігін сақтасақ, шашыранды радиация қарқындылығының орташа мәні:

$$E_4 = 70\sqrt{\sin \beta}, \text{ ккал/м}^2\text{ч}. \quad (13)$$

Бұлтты аспанның шашыранды радиациясының қарқындылығы бұлттылықтың сипатына тәуелді. Есептеулерде эксперименттік мәліметтер [7] немесе осы мәліметтердің жуық мәндөрі қолданылуы мүмкін.

$$E_4' = 90n^{\frac{1}{3}} \sin \beta, \text{ ккал/м}^2\text{ч}. \quad (14)$$

Жер бетіне бағытталған интегралды атмо-сфера сәулесі үшін Ангстрем формуласы: ал

$$E_5 = C_\gamma T_0^4 (0,75 - 0,32 \times 10^{-0,069}) U E_1 = Q P^m, \text{ ккал/м}^2\text{ч}. \quad (15)$$

Бугер формуласы бойынша тұра күн радиациясының қарқындылығы:

$$E_1 = Q_0 P^m.$$

(16)

мұндағы  $P$  – өзгермеген үшін атмосфера мөлдірлігі коэффициенті 0,75 тең деп қабылдануы мүмкін.

Атмосфера массасын белгілі формула бойынша есептеуге болады:

$$m = \frac{H}{H_0} \times \frac{j}{58,36'' \cos \beta},$$

$$j = 21,5 \frac{H}{H_0} \operatorname{tg} \left( \frac{\pi}{2} - \beta \right), \quad (17)$$

мұндағы  $j$  – рефракция,  $H$  – қысым және  $T_0$  – өлшеу орнындағы температура. Жер деңгейінен  $H=H_0=760$  мм сын. бағ. деп болжасақ, онда,

$$Q_0 = 1,9 \text{ кал/см}^2 \text{ мин},$$

$$E_1 = 1140 - 0,75 \frac{280}{T_0 \sin \beta}. \quad (18)$$

Егер күн радиациясын қабылдайтын беті күн сәулесінің бағытына перпендикуляр орналасқан болса, онда осы бетке түсетін күн радиациясының қарқындылығы  $E_1$  берілген бетке қалыпты вектор проекциясымен  $E_1$  анықталады да, келесі формула

бойынша есептеледі:

$$E_{nad} = E_\perp \xi \kappa_{bx}^{np} \cos i + E_{\text{диф}}$$

немесе

$$E_{nad} = 1140 \times 0,75 \frac{280}{T_0 \sin \beta \xi \kappa_{bx}^{np} \cos i + E_{\text{диф}}}. \quad (19)$$

мұндағы  $\cos i$  – сәуле бағыты мен қалыпты және тікелей беті аралығындағы косинус бұрыш;  $\kappa_{bx}^{np}$  – қалыпты түсетін сәулеге мөлдір тоскауылға кіру коэффициенті;  $\xi$  – еңіс түсетін сәулеге мөлдір тоскауылдан салыстырмалы өту коэффициенті (мөлдір тоскауыл қалыптылығында сәуле жолының ұзындығын көбейту салдарынан шыныдан өтетін сәуле мөлшерінің азауын сипаттайтын) [7].

Кез келген ендік жыл уақытысы, күні және қабылдау бетінің бағыты үшін күннің тұру биіктігінің мәні келесі формула бойынша табылады:

$$\sin \beta = \cos \delta \cos \varphi \cos \gamma + \sin \varphi \sin \delta, \quad (20)$$

мұндағы  $\varphi$  – жергілікті жердің географиялық ендігі, град.,  $\delta$  – күннің еңіс тартуы, град.,  $\gamma$  – сағаттық бұрыш, град (түстен кейін саналатын және 15 көбейтілген сағат саны).

Әрбір айдың 21 күннің күннің еңіс тартуының  $\delta$  шамасы 2-кестеде келтірілген.

#### 2-кесте. Әрбір ай үшін күн еністігінің шамасы

Айлар	$\delta$	Айлар	$\delta$	Айлар	$\delta$
Қантар	-19°51'	Мамыр	+20°09'	Қыркүйек	+0°48'
Ақпан	-10°38'	Маусым	+23°27'	Қазан	-10°38'
Наурыз	-0°09'	Шілде	+20°32'	Караша	-19°53'
Сәуір	+11°47'	Тамыз	+12°12'	Желтоқсан	-23°27'

Қабылдайтын бетке түсетін тұра күн радиациясының қарқындылығын анықтайдын (19) тендеуде жарықтың бағыттарына қатысты қондырғының түрлі бағытталуында күн сәулесінің тұсу бұрышын (i) анықтау талап етіледі.

Бұл бұрыш аспан сферасындағы параллактикалық үшбұрыштан сфералық тригонометрия формуласы бойынша барлық мүмкіндіктер үшін есептеледі.

Біздің есептеулер үшін инженер И. К. Разумов пен келтірілген келесі тендеулерді қолданамыз.

$$\cos i_o^\epsilon = (\cos \delta \cos \gamma + \sin \delta \sin \varphi) \cos \Delta +$$

$$+ (\cos \delta \sin \varphi \cos \gamma + \sin \delta \cos \varphi) \sin \Delta,$$

(21)

$$\cos^e_{o-\delta, o-\delta} = (\cos \delta \cos \varphi \cos \gamma + \sin \delta \sin \varphi) \cos \Delta + \\ + 0,707 (\cos \delta \cos \varphi \cos \gamma - \\ - \sin \delta \sin \varphi + \cos \delta \sin \gamma) \sin \Delta,$$

(22)

D – жазыққа қондырғы еңісінің бұрышы.

Бұл формулада  $\cos i$  кезіндегі жоғарғы индекс

қондырғының орналасуын көрсетеді;  $e$  – еңістік. Тәменгі индекстер жарық жерлер бо-йынша бағытталуды көрсетеді: о – онтүстік, о-б – онтүстік-батыс.  $P=0,33$  және  $T_o=300$  К орташа мәнінде, жаз және күз мезгілдері үшін қабылдау бетінің  $E_e$  (еңістік) және  $E_k$  (көлбеу) мәндері күн биіктігінің б қызыметі түрінде жеңіл есептеуге болады. Жаз және күз мезгілдері үшін  $E_e$  және  $E_k$  мәндері 3-кестеде келтірілген.  $E_e$  – еңіс бет үшін түсетін күн сәулесі;  $E_k$  – көлбеу бет үшін түсетін күн сәулесі.

3-кесте. Жаз және күз мезгілдері үшін  $E_e$  және  $E_k$  мәндері

Күн биіктігі		1	3	5	10	20	30	60	90
Жаз	$E_e$	54,5	148	226	372	550	654	786	815
	$E_k$	0,95	7,7	419,7	64,5	188	326	681	815
Күз	$E_e$	57,3	158	243	398	588	699	840	870
	$E_k$	1,00	8,2	521,2	69,0	201	349	726	870

Кестеде келтірілгендей күннің үлкен биіктігінде күн радиациясының қарқындылығы күн биіктігіне аз тәуелді. Ал аз күн биіктігінде күн биіктігінің көп емес өзгерісі күн радиациясының өте көп азаюмы мен жүреді.

### ӘДЕБИЕТ

- Пивоварова З.И., Стадник В.В. Климатические характеристики солнечной радиации как источника энергии на территории СССР. Л.: Гидрометеоиздат, 1988. 158 с.
- Кастров В.Г. Солнечная радиация в тропосфере в случае абсолютно чистого и сухого воздуха // Труды Центр. аэрол. обсерв. Вып. 16. 1956. С. 8-9.
- Оболенский Н.В. Архитектура и солнце. М.: Стройиздат, 1988. С. 207.
- Смоляков П.Т. К вопросу об излучении и инсоляции земных неровностей // Журнал геофизики и метеорологии. Л., 1959. Т. 6. Вып. 4. С. 293-295.
- Монин А.С. Задача об освещенности рельефа // Труды центрального института прогнозов. М.; Л.: Гидрометеоиздат, 1948. Вып. 8(35). С. 19-21.
- Сивков С.И. Методы расчета характеристик солнечной радиации. Л.: Гидрометеоиздат, 1968. 203 с.

7. Авасте О.А., Молдай Х., Шифрин К.С. Спектральное распределение прямой и рассеянной радиации // Исследования по физике атмосферы. Тарту, 1962. №3. С. 33-34.

8. Кондратьев К.Я. Лучистая энергия Солнца. Л.: Гидрометеоиздат, 1954. С. 400.

### Резюме

Приведены расчеты интенсивности прямой солнечной радиации, падающей на вертикальные и горизонтальные светопрозрачные поверхности гелиоустройств.

### Summary

The calculations of the direct solar radiation's intensity, which falling down on translucent vertical and horizontal surfaces of the solar systems were shown.

УДК 666.97.035.51

Қ. И. Сәтбаев атындағы

Қазақ ұлттық техникалық

университеті

12.09.07ж. түскен